

## ОБ АВТОРАХ

**Дальке Алёна Юрьевна** – докторант, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: alena.dalke@narhoz.kz\*

**Святов Серик Аманжолович** – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: ssvyatov@mail.ru

**Рузиева Эльвира Абдулмитовна** – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Алматинский Технологический Университет, Алматы, Республика Казахстан, e-mail: earuzieva@gmail.com

MPHTI 06.35.31

JEL Classification: H83

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-1-136-146>

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕГІ ХЕДЖЕРЛЕУДІҢ МӘНІ

**М. Д. Жумабаева<sup>1</sup>, Г. Ж. Каримбаева<sup>2</sup>, Н. С. Нуркашева<sup>3\*</sup>**

<sup>1</sup>Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup> Esil University, Астана, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

---

## АНДАТПА

*Зерттеудің мақсаты* – қаржы нарығында ақша нарығынан басқа, болашақ кезеңдерде активтерді сатып алу-сату нарықтары бар. Алайда, мұндай келісімшарттардың тараптары қаржы активін белгіленген күнге белгіленген бағамен сатуға немесе сатып алуға құқылы немесе міндетті. Мұндай келісімшарттар туынды құралдар деп аталады, өйткені келісімшарт бағасы базалық актив бағасының өзгеруіне тікелей байланысты деп саналады. Туынды қаржы құралдары болашақ бағаларды белгілеп қана қоймай, айырбас бағамының қолайсыз құбылмалылығынан сақтандыруға көмектеседі. Соңғы функцияны орындау үшін ел экономикасында туынды құралдар нарығы және базалық активтер нарығы болуы керек.

*Әдіснамасы.* Зерттеудің әдістемелік негізі – танымның диалектикалық әдісі. Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер (талдау, синтез, дедукция, жіктеу, жүйелік тәсіл) және арнайы әдіснамалық әдістер (бухгалтерлік есеп және салық есебі) қолданылады.

*Зерттеудің өзіндік ерекшелігі / құндылығы.* Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында елдегі дағдарысқа қарсы басқару және реттеу, шаруашылық жүргізуші субъектілердің бизнес-портфельдерінің тиімділігін тұрақтандыру тетігі ретінде туынды қаржы құралдарын есепке алу маңызды орын алады. Тұрақсыз қаржылық дағдарыс жағдайында бизнес иелерінің қаржылық тәуекелдерін басқару жүйесінде қаржы құралдарын есепке алуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсетуге арналған осы ғылыми мақаланың практикалық маңыздылығы өте жоғары болып саналады.

Сондықтан, осы ғылыми мақалада біз қаржы құралдарын есепке алу ерекшеліктеріне теориялық ғылыми және практикалық тәсілдердің сипаттамасын береміз.

*Зерттеудің нәтижелері* – мақалада туынды қаржы құралдарының есебін 32 ХҚЕС «Қаржы құралдары: Ақпаратты ұсыну», 7 ХҚЕС «Қаржы құралдары: Ақпаратты ашу», 9 ХҚЕС «Қаржы құралдары» стандарттары арқылы ұйымдастырудың әдіс тәсілдері көрсетіледі. Және нақты мәліметтер арқылы бухгалтерлік есеп пен есеп беру жүйесіндегі хеджирлеудің мәні көрсетілетін болады.

*Түйін сөздер:* хеджирлеу, қаржы құралдары, туынды құралдар, қаржылық құралдарды тану және есепке алу, хеджирлеу баптары, хеджирлеу құралы.

## КІРІСПЕ

Әлемде болып жатқан өзгерістер айырбас бағамдарының тұрақты ауытқуына әсер етіп қана қоймай, компанияның және елдің экономикасын басқару тәуекелдерін артуына ықпалын тигізеді. Мұндай жағдайларда экономистер ақша ағындарын басқарудың әртүрлі құралдарын пайдаланады, олардың бірі – хеджирлеу болып табылады.

Хеджирлеуді есепке алудың мақсаты қаржы құралдарын пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару қызметінің бөлігі ретінде жүзеге асырылатын операциялардың әсерін қаржылық есептілікте көрсету болып табылады. Ал хеджирлеудің негізгі мақсаты сыртқы жағдайлардың (валюта бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер, нарықтық бағалар) өзгеруіне байланысты тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырауды азайту болып табылады.

Хеджирлеу – хеджирленетін баптың әділ құнындағы немесе ақша ағынындағы өзгерістерді толық немесе ішінара өтеу үшін хеджирлеу құралдарын пайдалану болып табылады. Мысалы, хеджирленетін бап жабдықты сатып алу, ал хеджирлеу құралы форвардтық келісімшарт болып табылады.

Қаржы құралдары компанияның белгілі бір тәуекелдерге ұшырауын азайту үшін пайдаланылады, бұл өз кезегінде ұйымның пайдасына немесе шығынына өз әсерін тигізеді. Әділ құнындағы өзгерістер үлестік құралдарға инвестициялар салынған жағдайда тәуекелдер басқа жиынтық кіріске де әсер ету ықтималы жоғары болады.

## ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

**Әдебиетке шолу.** Зерттеудің бастапқы кезеңінде біз хеджирлеудің мағынасын анықтадық. Экономикалық әдебиеттерде «хеджирлеу» түсінігінің анықтамасына әртүрлі көзқарастар кездеседі. Олардың ішінде біз И. Т. Балабанов, Редхед К., Хьюс С., С. Росс, Р. Вестерфилд және Б. Джордан, И. А. Бланк, А. Н. Буренин, М. К. Буркин, А. М. Семенов, В. А. Галанов, С. И. Пупликов, А. С. Шапкиннің еңбектерінен бұл тақырыпты тереңірек қарастыра аламыз.

Сонымен, И. Т. Балабанов «хеджирлеу – валюталық тәуекелдерді болашақта айырбас бағамының қолайсыз өзгерістерінен сақтандыру» әдісі екенін атап өтті [1, 139 б.].

К. Редхед, С. Хьюс Өз еңбектерінде «хиджерлеу – мүмкін жоғалтуларды төмендету үрдісі» және «қаржылық құралдарға немесе тауарларға қарсы позицияларды ұстана отырып своп позициясы бойынша баға тәуекелдерін төмендету үрдісі» [2, 22 б.].

С. Росс, Р. Вестерфилд және Б. Джордан «хиджерлеу – баға мен пайыздық мөлшердемелердің құбылмалы болуына фирмалардың тәуелділігін төмендету» деп көрсетеді [3, 678 б.].

И. А. Бланк «хиджерлеу – ішкі және сыртқы әсерлерден болатын мүмкін қаржылық тәуекелдерді барынша төмендету бағытында қолданылатын механизмдер, тәуекелдерді басқа тұлғаға, яғни сақтандырушыға беру үрдісі» деп көрсетеді [4].

А. Н. Буренин өзінің еңбегінде «... хеджирлеу – бұл актив құнының қолайсыз өзгерістерін бейтараптандырудан тұрады» деп жазады [5, 5 б.]. Осылайша, біздің ойымызша хеджирлеу болашақ бағаны бекітуге және фьючерстер нарығындағы бағаның тұрақсыз жағдайындағы қолайсыз дамуын бейтараптандыруға мүмкіндік береді деп айта аламыз.

Сонымен бірге, Ресей ғалымы М. К. Буркин мен А. М. Семенов үрдістер техникасын қосу арқылы хеджирлеу ұғымдарын кеңейтеді. Олар бұл валюта бағамдарының ауытқуынан болатын шығындарды азайту үшін қолданылатын құрал деп тұжырым береді. Ол негізінен сол валютада қарама-қарсы позицияны ашу арқылы қызмет істейді. Бұл авторлар хеджирлеу әдістері форвардтық, фьючерстік, опциондық операцияларды, пайыздық своптарды пайдалануды қамтиды деп көрсетті [6, 60 б.].

Мақала авторлары бұл ұстанымды толығымен бөліседі. Жалпы тәжірибеде «хеджирлеу» түсінігін қолданған кезде, біз, ең алдымен, мәміленің мақсаты – пайдаланылған қаражаттарды емес, тәуекелдерді оңтайландыру екенін атап өткіміз келеді. Хеджирлеудің басқа операциялар түрлерінен басты

айырмашылығы мен ерекшелігі сол, оның мақсаты қосымша пайда табу емес, ықтимал болатын шығындар қаупін төмендету. Бұл айырмашылық хеджирлеудің негізгі мақсатын ашады, яғни тәуекелдің оңтайлы құрылымына қол жеткізу үшін хеджирлеудің пайдасы мен оның құны арасындағы оңтайлы қатынастарды белгілейді.

В. А. Галанов «... хеджирлеу кез-келген нарық қатысушысын бағалардың, тарифтердің, пайыздық мөлшерлемелердің, валюта бағамдарының, борыштық мәмілелердің немесе міндеттемелердің орындалмауының және т.б. қолайсыз өзгерістерімен байланысты нарықтық тәуекелдерден қорғаудың маңызды құралы» деп көрсетеді [7]. Демек, хиджерлеу бұл қандай да бір тәуекелдерден пайда болуы мүмкін шығындарды немесе жоғалтулардың алдын алу үшін сақтандыру үрдісі деп те айтуға болады.

С. И. Пупликов кезекті еңбегінде «...хиджерлеу – валюталық тәуекелдерді басқару немесе оларды сақтандыру» деп көрсетеді [8, 92 б.].

А.С. Шапкиннің еңбегін зерттеудің нәтижесінде біз оның хиджерлеу терминін былайша тұжырымдамағанын анықтап отырмыз, яғни «...хиджерлеу – бұл болуы мүмкін жоғалтуларға байланысты тәуекелдерді төмендету» [9, 304 б.].

Одан әрі туынды қаржы құралдарын пайдалана отырып, хеджирлеуді есепке алу мәселелері қарастырылатын болады. Бухгалтерлік есептің теориялық және әдістемелік негіздеріне арналған оқу құрылдарында, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында (ҚЕХС) және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде де қарастырылады.

39 ХҚЕС сәйкес хеджирлеу объектісі актив, міндеттеме, тұрақты шарттық міндеттеме, жоғары ықтимал болжамды мәміле немесе шетелдік ұйымға таза инвестиция болып табылады, ол ұйымды әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру қаупіне ұшыратады [10].

9 (IFRS) ХҚЕС-ның ережелеріне сәйкес хеджирлеу тиімділігін тексеру айтарлықтай жеңілдетілді және компания басшылығының тәуекелдерді бағалауына жақындады. ХҚЕС (IFRS) 9 компанияларға ішкі тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін дайындалған ақпаратты пайдалануға мүмкіндік берді және бұдан былай компанияларды ХҚЕС бойынша бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін қажетті күрделі талдауды орындауға мәжбүрлемейді [11].

Қазақстан Республикасының заңнамасында тәуекелдерді сақтандыру мақсатында қаржы активтерін пайдалану тәртібін нақты реттеу механизмдері жоқ. 7 ҚЕХС және Қазақстан Республикасының Салық кодексі қандай тәуекелдерді хеджирлеуге болатынын ғана айқындайды.

7-ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес, валюталық тәуекелге әкелетін кез-келген мәміле хеджирлеуге жатқызылуы мүмкін [12].

Қазақстан Республикасының Салық кодесіне сәйкес бағаның, валюта бағамының, пайыздық мөлшерлеменің немесе хеджирлеу объектісінің өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруіне байланысты ықтимал шығындарды азайту бағытында жасалатын және ХҚЕС мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде хеджирлеу құралдары деп мойындалған туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар хеджирлеу болып саналады [13].

Демек, біздің ойымызша хеджирлеу объектісі базалық активтердің құнының өзгеру қаупін мойындайды деген қорытынды жасауға болады. Хеджирлеу объектісі базалық актив құнының өзгеру тәуекелі болып есептеледі. Базалық активтері бар туында қаржы құралдары валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралы ретінде әрекет ете алады және оларға мыналарды жатқыза аламыз: шетел валютасы, валюта бағамдары, шетел валютасындағы несие (депозит) мөлшерлемесі, бағалары валюталық бағамдарының өзгеруімен жоғары корреляцияға ие кейбір тауарлық активтер (мысалы, мұнай – USD немесе алтын – USD).

Соңғы қадам хеджирлеуді есепке алуды туынды құралдармен және хеджирлеу процесінсіз қаржылық жағдайдағы өзгерістермен салыстыру болып саналады. Ендігі зерттеу нәтижелеріне тоқталатын, оның негізгі мазмұны тереңірек төменде келтірілді.

Хеджирлеу құралдары туынды және туынды емес қаржы құралдары ретінде екіге бөліп қарастырсақ болады.

*Туынды қаржы құралдары* пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады және кейбір жазбаша опциондарды қоспағанда, хеджирлеу құралы ретінде белгіленеді.

*Туынды емес қаржы құралдары* (қаржы активтері немесе қаржылық міндеттемелер) пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын хеджирлеу құралы ретінде белгіленуі мүмкін. Ерекшелігі несиелік тәуекелдің ауытқуына байланысты әділ құнның өзгеруі басқа жиынтық кірісте ұсынылатын пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме болып табылады.

Валюталық тәуекелді хеджирлеу үшін хеджирлеу құралы ретінде туынды емес қаржылық активтің немесе туынды емес қаржылық міндеттеменің валюталық тәуекел құрамдас бөлігі белгіленуі мүмкін. Бұл жерде ерекшелік ұйым басқа жиынтық кірістегі әділ құн өзгерістерін тануды таңдайтын үлестік құралға инвестиция болып табылады.

*Хеджирлеу құралы* – таңдалған форвардтық туынды қаржы құралы, әділ құн немесе хеджирленетін баптың әділ құнындағы өзгерістерді немесе болашақ ақша ағындарын өтейтін болашақ ақша ағындары болып табылады.

*Хеджирленетін бап* – әділ құнның өзгеруіне немесе болашақ ақша ағындарына байланысты ұйымды тәуекелге ұшырататын актив, міндеттеме немесе жоғары ықтимал болжамды операция (опцион) болып табылады. Хеджирлеудің 3 түрі бар:

- ақша ағындарын хеджирлеу;
- әділ құнды хеджирлеу;
- шетелдік компанияға таза инвестицияны хеджирлеу.

***Ақша ағынын хеджирлеу.***

Хеджирлеудің бұл түрі компания сатудан ақша алуды немесе нақты сомасы әртүрлі болуы мүмкін активтерді сатып алуға жұмсауды күткенде қолданылады. Бұл сома болашақта компанияның бақылауынан тыс кез келген оқиғаларға байланысты болуы мүмкін. Яғни, шығынды көп жұмсау немесе табысты аз алу қаупі бар. Осы мақсатта көбінесе форвардтық немесе фьючерстік келісімшарттар жасалынады.

*Форвардтық келісім-шарт (құрал)* – тауарды, шетел валютасын және басқа да қаржы құралдарын сатып алу немесе сату шарты, ол бойынша жеткізу болашақта белгілі бір күні шартта алдын ала келісілген баға бойынша жүзеге асырылады. Форвардтық келісімшарт биржадан тыс саудаланады әрі стандартты емес шарттар болуы мүмкін.

*Фьючерстік келісімшарт (құрал)* – болашақта алдын ала келісілген баға бойынша тауарларды, бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату шарты. Фьючерстік келісімшарт биржада саудаланады, стандартты шарттары бар және әдетте активті физикалық жеткізуді қамтымайды.

***Әділ құнды хеджирлеу.***

Хеджирлеудің бұл түрі ұйымның активті сатуға немесе міндеттемені өтеуге тікелей ниеті болмаса, бірақ активтің немесе міндеттеменің әділ құны өзгерген жағдайда өзін шығыннан қорғағысы келген жағдайда қолданылады. Мысалы, компанияда жанармайдың резервтік қоры бар болғанымен, кез келген уақытта бағаның төмендеуінен қорқып, компания оларды белгіленген баға бойынша сатуға опционға ие бола алады. Мұнда опцион хеджирлеу құралы болып табылады, ал жанармай қоры хеджирленетін бап болып табылады.

Опцион – бұл оның иесіне белгілі бір мерзімде белгіленген баға бойынша кез келген қаржы құралдарын немесе активтерді сату не сатып алу құқығын беретін белгілі бір соманы төлеуге айырбас шарты болып табылады.

***Шетелдік компанияға таза инвестицияны хеджирлеу.***

Хеджирлеудің бұл түрі шетелдік еншілес ұйымға инвестициялау үшін бас компания инвестиция салынатын валютада несие алған кезде қолданылады.

Бұл жағдайла хеджирлеудің үш қағидасын атап өтуге болады:

- нақты хеджирлеу құралын, нақты хеджирленетін бапты, хеджирленетін тәуекелді, хеджирлеудің тиімділігін бағалау әдістемесін нақты қарастыратын ресми құжатталған саясат (есеп саясаты емес);

- хеджирлеу тиімді болуы керек;
- хеджирлеу тиімділігінің тұрақты мониторингі.

Хеджирлеу тиімділігі хеджирленетін бап пен хеджирлеу құралы арасындағы экономикалық қатынастың болуын білдіреді.

Тиімді хеджирлеу екі мәннің кішісі болып табылады:

- хеджирлеу құралы бойынша жинақталған пайда немесе зиян;
- хеджирленетін баптың әділ құнының немесе ақша ағындарының жиынтық өзгерісі.

Ең аз шектерде олар басқа жиынтық кіріске жатқызылады, ал айырмашылық пайдаға немесе зиянға апарылады.

*Мысалы:*

1) 2020 жылдың 22 ақпанында бағасы 100\$ болатын сатып алу бойынша форвардтық келісім-шарт жасалды (айырбастау бағамы -  $1\$ = 420$  у.е.).

Шешімі: 2020 жылдың 22 ақпанында форвардтық келісім-шартты жасау кезінде ешқандай жариялау болмайды, өйткені шарт орындалу сатысында.

2) 2020 жылдың 22 тамызында, 6 айдан кейін, валютаны сатып алған күні айырбастау бағамы 1 доллар = 430 у.е. болды.

Шешімі: 22.08.2020 мәміле жасалған күн болса, компания осы шарттан:

- егер, туынды қаржы құралы қаржы активі ретінде танылса – бұл жағдайда компания ұтады;
- егер, туынды қаржы құралы қаржылық міндеттеме ретінде танылса – бұл жағдайда компания ұтылады.

Бұл шартта компанияның ұту себебі мынада, яғни айырбас бағамы мәміле жасалған күнгі келісім-шарт күніне қарағанда жоғары болып отыр – 1000 у.е.. [ $100 \times (430 - 420)$ ], демек:

Дебет «Туынды қаржы құралы» (актив) – 1000 у.е.

Кредит «Басқа да жиынтық кіріс» – 1000 у.е.

Валютаны сатып алу ( $100 \text{ доллар} \times 430 \text{ у.е.}$ ):

Дебет «Валюта» – 43 000 у.е.

Кредит «Ақша қаражаттары» – 42 000 у.е.

Кредит Туынды қаржы құралы (актив) – 1000 у.е.

Демек, «Туынды қаржы құралы (актив)» шоты жабылады да басқа да жиынтық кіріс пайдаға апарылады:

Дебет «Басқа да жиынтық кіріс» – 1000 у.е.

Кредит «Хеджирлеуден түскен пайда» – 1000 у.е.

1) Егер 2020 жылдың 22 тамызында, 6 ай өткен соң, валютаны сатып алу күні айырбастау бағамы 1 доллар = 410 АҚШ доллары болса, онда 2020 жылдың 22 тамызында келісім-шартты орындау күні [ $100 \text{ доллар} \times (420 - 410)$ ]:

Дебет «Басқа да жиынтық кіріс» – 1000 у.е.

Кредит «Туынды қаржы құралы (пассив)» – 1000 у.е.

Валютаны сатып алу ( $100 \text{ доллар} \times 410 \text{ у.е.}$ ):

Дебет «Валюта» – 41 000 у.е.

Дебет «Туынды қаржы құралы (пассив)» – 1000 у.е.

Кредит «Ақша қаражаттары» – 42 000 у.е.

«Туынды қаржы құралы (пассив)» шоты жабылды да, басқа да жиынтық кіріс шығынмен жабылады:

Дебет «Хеджирлеу бойынша шығын» – 1000 у.е.

Кредит «Басқа да жиынтық кіріс» – 1000 у.е.

Форвард (хеджирленген құрал) өздігінен жасалмайды, бірақ негізгі шартты (хеджирленген бап) қамтамасыз етуден тұрады.

Қаржылық есеп берудегі мәліметтерді көрсету арқылы хеджирлеу процесін бейнелеу үшін төмендегі 1-сурет арқылы көре аламыз.

07.01.2021 жылы компания жеткізілімі болатын және төлемі 500€ тұратын негізгі құралдарды сатып алу туралы келісімге қол қойды – 31.03.2022. Негізгі құралдардың пайдалану мерзімі 10 жыл. Валюта-




лық тәуекелдерді азайту мақсатында 21.07.21 күні компания 700 АҚШ долларына 500 еуро сатып алу бойынша форвардтық келісімшартқа отырды.

31.12.21 күні €1 = \$1,45 (500 еуро = 500 \* 1,45 = \$725)

31.12.22 күні €1 = \$1,47 (500 еуро = 500 \* 1,47 = \$735)

Басшылық ақша ағындарын хеджирлеу есебін қолданады. Қаржылық жыл 31-желтоқсанмен аяқталады.

### Мәні:



Сурет 1 – Ұйымдағы хеджирлеу процесінің нәтижесі

Ескерту – сурет авторлардың есептеуімен жасалды

- нақты = - 700\$ (хеджирлеу 700\$ ақша ағынын қалдырады);  
- мүмкін = - 735\$ (хеджирленбеген болса, 735\$ жұмсаған болар еді);  
- пайда (жинақталған пайда) 21 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша = 725\$ - 700\$ = 25\$,  
21 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша 735 - 700 = 35\$. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша = 35 - 25 = 10\$.

Жоғарыда берілген есептеменің нәтижесін қаржылық есепте көрсететін болсақ, онда төмендегі 1-кестеден қорытынды алуға болады.

Кесте 1 – Бухгалтерлік жазбалар (доллар \$\$)

| Негізгі құралдар  | Туынды қаржы құралдары  |
|---|---|
| 01.07.21<br>Келісімшарт жасалынды                               |   |
| Негізгі құралдар танылмайды, өйткені жеткізу 31.03.22           | Туынды құралдарды тану: әділ құны бойынша 0-ге тең  |
| 31.12.21<br>2021 жылдағы есепті кезеңнің соңы                   |   |
|   | Туынды құралдарды қайта бағалау:<br>Дт «Туынды қаржы құралдары» = 25<br>Кт «Өзге жиынтық пайдасы» = 25  |
| 31.03.22<br>Валютаның түсуі және негізгі құралдардың жеткізілуі |   |
|   | Есеп айырысу күніне туынды құралдарды қайта бағалау:<br>Дт «Туынды қаржы құралдары»<br>Кт «Өзге жиынтық кірістер» = 35-25=10<br>Барлығы:<br>Дт «Туынды қаржы құралдары» = 35<br>Барлығы:<br>Кт «Өзге жиынтық кірістер» = 35 |

|   |   |
|---|---|
| Негізгі құралдарды сатып алу:<br>Дт «Негізгі құралдар»<br>Кт «Ақша қаражаттары» = 735 евро<br>(ағымдағы бағам бойынша қайта есептелген келісім-шарт бойынша 500 еуро береміз)   | Еуроны долларға сатып алу:<br>Дт «Ақша қаражаттары» = 735 евро (ағымдағы бағам бойынша 500€ қайта есептеу)<br>Кт «Ақша қаражаттары» = 700 доллар (келісім-шарт бойынша 700 доллар береміз)<br>Кт «Туынды қаржы құралдары» = 35 (бұрын танылған ТҚҚ-ын жабамыз)<br><i>«Туынды қаржы құралдары» барлығы = 0</i> |
| Жинақталған пайданы аудару:<br>Өзге жиынтық пайдасы → Негізгі құралдар:<br>Дт «Өзге жиынтық кірістер»<br>Кт «Негізгі құралдар» = 35<br>Барлығы:<br>«Негізгі құралдар» = 735-35 = 700, яғни нақты шығындардың нақты сомасымен<br><i>«Өзге де кірістер» барлығы = 0</i> |   |
| 01.04.22 – 31.12.22<br>2022 есепті кезеңде негізгі құралдарды пайдалану   |   |
| Негізгі құралдардың амортизациясы:<br>Дт «Амортизация бойынша шығындар»<br>Кт «Негізгі құралдар» = 700/10*9/12  |   |
| Ескерту – кестені авторлар құрастырды   |   |

Енді біз жоғарыдағы кестенің нәтижесін қаржылық есептілікке түсіретін болсақ, онда төмендегі 2 – кесте арқылы қаржылық есептіліктің үзіндісін шығаруға болады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қаржылық есептіліктен үзінді:

| Көрсеткіштер  | 2021 ж. | 2022 ж.                |
|---|---------|------------------------|
| <b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП:</b>                   |         |                        |
| <u><b>Ұзақ мерзімді активтер</b></u>                  |         |                        |
| Негізгі құралдар                                      | -       | (735-35) – 700/10*9/12 |
| <u><b>Қысқа мерзімді активтер</b></u>                 |         |                        |
| Туынды қаржылық актив                                 | 25      | -                      |
| <u><b>Капитал</b></u>                                 |         |                        |
| Өзге жиынтық кіріс                                    | 25      | 25+10-35=0             |
| <u><b>ПАЙДА ЖӘНЕ ЗИЯН</b></u>                         |         |                        |
| Негізгі құралдардың амортизациясы                     | -       | (700/10*9/12)          |
| <b>ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ПАЙДА</b>                             | 25      | 10                     |
| <b>Пайда және зиян есептілігіне қайта жіктелмейді</b> |         |                        |
| Туынды қаржы құралдарын қайта бағалау                 | -       | -                      |
|   | -       | -                      |
| Ескерту – кестені авторлар құрастырды                 |         |                        |

Жоғарыдағы 2-кесте арқылы біз ұйымдағы туында қаржы құралдарын хиджерлеуге байланысты операцияларды қаржылық есеп беруде көрсету тәртіптерін қарастырдық.

Демек, хеджирлеу кезінде бірден екі операция орындалады. Бірінші жағдайда фьючерстік мәміле жасалады, мұнда мәміле қатысушысы белгіленген баға бойынша болашақ кезеңдерде мәмілелерді орындау бойынша міндеттемелерді қабылдайды. Екіншісі – туынды құралдармен. Яғни, бұл мәміле экономикалық субъектінің өзіне қатысты мерзімді міндеттемелерді қабылдаған қаржылық актив бағасының қолайсыз өзгерістерінен қорғайды.

Қазақстандық нарыққа келетін болсақ, фьючерстер қазіргі уақытта валюта нарығы секторында қол жетімді, олардың базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың белгілі бір атаулары болып табылады. 2020 жылы апта сайынғы валюталық фьючерс бойынша 405 мың теңге

сомасында бір сауда жасалды, фьючерстің соңғы есеп айырысу бағасы бір АҚШ долларына 402,81 теңгені құрады. 2021 жылдың қаңтар айының басына туынды құралдар нарығында саудаға қатысушылардың ашық позициялары байқалмапты [14].

ХҚЕС Кеңесінің түсіндірме комитеті валюталардың айырбастау бағамдары өзгерістерінің әсерін есепке алу тәртібін нақтылады, сондай-ақ активті, шығысты немесе кірісті тану алдында алдын ала төлем бойынша монетарлық емес активті немесе кейінге қалдырылған кіріс бойынша монетарлық емес міндеттемені тану болатын мәмілені жүзеге асыру күнін айқындау үшін түсініктемелер көрсетті [15]. Бұл жағдайда монетарлық емес баптарға: алдын ала төленген шығыстар және осы баптар бойынша ақшалай қаражаттың ешқандай сомасы болашақта төленбейді немесе алынбайды деген негізде алынған аванс кіріс баптары болып табылады. Тарихи бастапқы құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар қайта есептелмейді, яғни олар тиісті операция жасалған күнге айырбас бағамы бойынша көрсетіледі.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Кез-келген хеджирлеудің мақсаты – хеджирлеу құралдары мен хеджирлеу объектісі арасындағы туындаған мәмілеге байланысты тәуекелді төмендету, яғни хеджирлеу құралы мен хеджирлеу объектісінің әділ құнының өзгеруінің пайдаға немесе зиянға өзара өтемдік әсерін мойындауды білдіреді. Басқаша сөзбен қорытындылайтын болсақ, хеджирлеу қаржылық есепте қосымша кіріс алуы немесе шығындарға тап болуы.

Демек, туынды қаржы құралдарының көмегімен біз болашақ әрекеттер үшін қабылданған міндеттемелерді ғана емес, сонымен бірге болашақ әрекеттерге арналған жоспарларды да хеджирлеуге болады. Сондықтанда, туынды қаржы құралдары болашақ бағаны бекітуге көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ, айырбас бағамының қолайсыз құбылмалылығынан хеджирленеді деп айтсақ болады. Соған байланысты қаржылық есептегі хеджирленген баптар компанияның қаржылық нәтижесіне әсер ететін тәуекелдерді толық көрсетуі тиіс. Яғни, шетел валютасындағы кез келген ақша баптары валюталық тәуекелден хеджирленуі мүмкін, өйткені хеджирленетін тәуекелге байланысты құнның өзгеруі әрқашан пайда мен зиян туралы есептілікте көрсетіледі.

Демек, қаржы құралдарын өзінің маңызды функцияларын орындау үшін ел экономикасында туынды құралдар қаржы құралдары нарығы және базалық активтер нарығының қызмет етуі маңызды болып табылады. Ал қаржылық есеп пен есеп берудің нормативтік-құқықтық базасын дамыту және жетілдіру туынды қаржы құралдары нарығының өсуіне ықпал етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балабанов И. Т. Риск менеджмент. – Москва: Финансы и статистика, 1996. – 192 с.
2. Редхед К., Хьюс С. Управление финансовыми рисками / пер.с англ. – Москва: Инфра-М, 1996. – 288 с.
3. Росс С., Вестерфилд Р., Джордан Б. Основы корпоративных финансов: учеб. пособие. – Москва: Изд.: Лаб.базовых знаний, 2000. – 720 с.
4. Бланк И. А. Управление финансовыми рисками: учебное пособие. – Киев: Ника-Центр, 2005. – 600 с.
5. Буренин А. Н. Хеджирование фьючерсными контрактами фондовой биржи РТС. – Москва: Научно-техническое общество им. Академика С.И. Вавилова, 2009. – 174 с.
6. Бункина М. К., Семенов А. М. Основы валютных отношений: учеб. пособие. – Москва: Юрайт, 1998. – 192 с.
7. Галанов В. А. Производные инструменты срочного рынка: фьючерсы, опционы, свопы: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2009. – 484 с.
8. Пупликов С. И. Рынок ценных бумаг и валютный рынок: Банковский портфель 2005 года: учеб. метод. пособие. – Минск: Топик, 2005. – 236 с.



9. Шапкин А. С. Экономические и финансовые риски. Оценка, управление, портфель инвестиций: монография. – Москва: Изд.: «Дашков и Ко», 2003. – 544 с.
10. Международный стандарт финансовой отчетности (IAS) 39 «Финансовые инструменты: признание и оценка» [Электронды ресурс] // Online.Zakon.Kz [web-сайт]. – 2005. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30165826](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30165826) (Қарау уақыты: 25.01.2023).
11. Международный стандарт финансовой отчетности (IFRS) 9 «Финансовые инструменты» [Электронды ресурс] // Online.Zakon.Kz [web-сайт]. – 2010. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31026893](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31026893) (Қарау уақыты: 25.01.2023).
12. Международный стандарт финансовой отчетности (IFRS) 7 «Финансовые инструменты: раскрытие информации» [Электронды ресурс] // Online.Zakon.Kz [web-сайт]. – 2005. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30164360](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30164360) (Қарау уақыты: 25.01.2023).
13. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2017. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (Қарау уақыты: 25.01.2023).
14. KASE представляет итоги работы биржевого рынка по итогам 2020 года. – Алматы: АО «Казахстанская фондовая биржа» (KASE), 2021. – 11 с.
15. МСФО: точка зрения КПМГ. Практическое руководство по международным стандартам финансовой отчетности / Пер.с англ. – 12-е изд. – М.: Альпина Паблишер, 2016. – 3904 с.

## REFERENCES

1. Balabanov, I. T. (1996). Risk menedzhment. Finansy i statistika, Moscow, 192 p. (In Russian).
2. Redhed, K. and Hyus, S. (1996). Upravlenie finansovymi riskami. Infra-M, Moscow, 288 p. (In Russian).
3. Ross, S., Vesterfeld, R. and Dzhordan, B. (2000). Osnovy korporativnykh finansov: textbook. Lab.bazovykh znaniy, Moscow, 720 p. (In Russian).
4. Blank, I. A. (2005). Upravlenie finansovymi riskami: textbook. Nika-Centr, Kiev, 600 p. (In Russian).
5. Burenin, A. N. (2009). Hedzhirovanie fyuchersnymi kontraktami fondovoy birzhi RTS. Nauchno-tekhnicheskoe obshchestvo im. Akademika S.I. Vavilova, Moscow, 174 p. (In Russian).
6. Bunkina, M. K. and Semenov, A. M. (1998). Osnovy valyutnykh otnosheniy: textbook. Urait, Moscow, 192 p. (In Russian).
7. Galanov, V. A. (2009). Proizvodnye instrumenty srochnogo rynka: fyuchersy, opciony, svopy: textbook. Finansy i statistika, Moscow, 484 p. (In Russian).
8. Puplikov, S. I. (2005). Rynok cennykh bumag i valyutnyy rynek: Bankovskiy portfel' 2005 goda: textbook. Topik, Minsk, 236 p. (In Russian).
9. Shapkin, A. S. (2003). Ekonomicheskie i finansovye riski. Ocenka, upravlenie, portfel' investitsij: monography. «Dashkov & Co», Moscow, 544 p. (In Russian).
10. Mezhdunarodnyj standart finansovoj otchetnosti (IAS) 39 «Finansovye instrumenty: priznanie i ocenka». (2005). Online.Zakon.Kz. Retrieved January 25, 2023, from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30165826](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30165826) (In Russian).
11. Mezhdunarodnyj standart finansovoj otchetnosti (IFRS) 9 «Finansovye instrumenty». (2010). Online. Zakon.Kz. Retrieved January 25, 2023, from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31026893](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31026893) (In Russian).
12. Mezhdunarodnyj standart finansovoj otchetnosti (IFRS) 7 «Finansovye instrumenty: raskrytie informacii». (2005). Online.Zakon.Kz. Retrieved January 25, 2023, from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30164360](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30164360) (In Russian).
13. Salyk zhane byudzhette tolenetin baska da mindetti tolemder turaly (salyk kodeksi) Kazakstan Respublikasynyn Kodeksi 2017 zhylgy 25 zheltoksandagy № 120-VI KRZ. (2017). Adilet. Retrieved January 25, 2023, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (In Russian).

14. KASE predstavl'yaet itogi raboty birzhevogo rynka po itogam 2020 goda. (2021). AO «Kazahstanskaya fondovaya birzha» (KASE), Almaty, 11 p. (In Russian).

15. MSFO: tochka zreniya KPMG. Prakticheskoe rukovodstvo po mezhdunarodnym standartam finansovoj otchetnosti. 12<sup>th</sup> edition. (2016). Alpina Publisher, Moscow, 3904 p. (In Russian).

## THE IMPORTANCE OF HEDGING IN FINANCIAL ACCOUNTING

**M. D. Zhumabayeva<sup>1</sup>, G. J. Karimbayeva<sup>2</sup>, N. S. Nurkasheva<sup>3\*</sup>,**

<sup>1</sup>Almaty Management University, Almaty, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup> Esil University, Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>3</sup>Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

---

### ABSTRACT

*The purpose of the study* is that in the financial market, in addition to the money market, there are markets for the purchase and sale of assets in future periods. However, the parties to such contracts have the right or obligation to sell or purchase a financial asset at a fixed price on a fixed date. Such contracts are called derivative financial instruments, since it is believed that the contract price is directly related to the change in the price of the underlying asset. Derivative financial instruments help not only to fix future prices, but also to insure against unfavorable exchange rate volatility. To fulfill the latter function, the country's economy must have a market of derivative financial instruments and a market of underlying assets.

*Methodology.* The methodological basis of the research is the dialectical method of cognition. In the process of research, both general scientific methods (analysis, synthesis, deduction, classification, systematic approach) and special methodological techniques (accounting and tax accounting) are used.

*Originality / value of the research.* In the conditions of instability of the world economy, the accounting of derivative financial instruments as a mechanism of crisis management and regulation in the country, stabilization of the efficiency of business portfolios of economic entities occupies an important place. The practical significance of this scientific article, designed to reflect the specifics of the organization of accounting for financial instruments in the financial risk management system of business owners in an unstable financial crisis, is considered to be quite high.

Therefore, in this scientific article we will give a description of theoretical scientific and practical approaches to the peculiarities of accounting for financial instruments.

*Findings.* The article reflects the methods of regulation of accounting for derivative financial instruments through the standards of IFRS 32 «Financial Instruments: provision of information», IFRS 7 «Financial instruments: disclosure of information», IFRS 9 «Financial Instruments». Based on the data, the essence of hedging will be reflected in the accounting and reporting system.

*Key words:* hedging, financial instruments, derivatives, recognition and accounting of financial instruments, hedging items, hedging instrument.

## ЗНАЧЕНИЕ ХЕДЖИРОВАНИЯ В ФИНАНСОВОМ УЧЕТЕ

М. Д. Жумабаева<sup>1</sup>, Г. Ж. Каримбаева<sup>2</sup>, Н. С. Нуркашева<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Алматинского университета менеджмента, Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Esil University, Астана, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

---

### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* заключается в том, что на финансовом рынке, помимо денежного рынка, существуют рынки купли-продажи активов в будущих периодах. Однако стороны таких контрактов имеют право или обязанность продать или приобрести финансовый актив по фиксированной цене на фиксированную дату. Такие контракты называются производными финансовыми инструментами, поскольку считается, что цена контракта напрямую связана с изменением цены базового актива. Производные финансовые инструменты помогают не только фиксировать будущие цены, но и застраховаться от неблагоприятной волатильности обменного курса. Для выполнения последней функции экономика страны должна иметь рынок производных финансовых инструментов и рынок базовых активов.

*Методология.* Методологической основой исследования является диалектический метод познания. В процессе исследования используются как общенаучные методы (анализ, синтез, дедукция, классификация, системный подход), так и специальные методологические приемы (бухгалтерский и налоговый учет).

*Оригинальность / ценность исследования.* В условиях нестабильности мировой экономики важное место занимает учет производных финансовых инструментов как механизм антикризисного управления и регулирования в стране, стабилизации эффективности бизнес-портфелей хозяйствующих субъектов. Практическая значимость данной научной статьи, призванной отразить особенности организации учета финансовых инструментов в системе управления финансовыми рисками владельцев бизнеса в условиях нестабильного финансового кризиса и считается достаточно высокой.

Поэтому в данной научной статье мы дадим описание теоретических научных и практических подходов к особенностям учета финансовых инструментов.

*Результаты исследования.* В статье отражаются методы регулирования учета производных финансовых инструментов через стандарты МСФО 32 «Финансовые инструменты: предоставление информации», МСФО 7 «финансовые инструменты: раскрытие информации», МСФО 9 «Финансовые инструменты». На основе данных будет отражена сущность хеджирования в системе бухгалтерского учета и отчетности.

*Ключевые слова:* хеджирование, финансовые инструменты, деривативы, распознавание и учет финансовых инструментов, статьи хеджирования, инструмент хеджирования.

### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Жумабаева Мырзабике Достановна** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Алматы Менеджмент Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: mirzabike@mail.ru, ORCID 0000-0002-0196-0682

**Каримбаева Гульжан Жанадилевна** – экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Esil University, Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: karimbaewagul@mail.ru, ORCID 0000-0002-4175-9588

**Нуркашева Нурсулу Султанияровна** – экономика ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: nursulu.nurkasheva@narhoz.kz, ORCID 0000-0002-3798-3130; AAN-9751-2020\*